

«Тілектес» жалпы білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша

Бұйрық
№ 01

02.09.2024ж

Тілектес е.м

Мектеп қызметкерлерінің ішкі
еңбек тәртібі ережелерін сақтау туралы

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

I. Мектеп қызметкерлерінің негізгі міндеттері:

- мектеп жарғысы, ереже, лауазымдық нұсқаулықтар негізінде жүктелген міндеттерді қатаң түрде орындау.
- еңбек тәртібін сақтау, әкімшілік тарапынан берілген тапсырмаларды уақытылы және нақты орындау
- жұмыс нәтижесін жоғары деңгейде орындау, тазалықты, өрт қауіпсіздігін сақтау.
- құжатарға жауапкершілікпен қарау
- уақытылы дәрігерлік байқаудан өту
- оқушылардың сабақтағы және үзіліс кезіндегі өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігіне жауапты болу
- кешіккен оқушы туралы мұғалім сынып жетекшісіне, тәрбие орынбасарына және әкімшілік кезекшісіне хабар беруі тиіс.
- оқушыларды сабақ соңында алып қалу төмендегі жағдайларда ғана рұқсат етіледі:
 1. сынып сағаттары мен мәжіліс өткізгенде
 2. тазалық жұмыстарын жүргізгенде
 3. қосымша сабақтар өткізгенде, тек әкімшіліктің рұқсатымен ғана болады
- ереже бойынша 5 жылда 1 рет аттестаттаудан өту

II. Жұмыс уақыты

- мектепте алты күндік жұмыс аптасы белгіленсін.
- педагог кадрлардың жаңа оқу жылына оқу жүктемесін мектеп директоры және кәсіподақ ұйымы белгілейді, еңбек демалысы алдында хабарланады.

- сағат жүктемесінің көлемі оқу жылы бойынша тұрақты болуы қажет
- мұғалімдердің жұмыс уақыты сабақ басталғанға дейін 15 минут бұрын болуы керек.
- сабақты қоңырау кестесімен бастап аяқтауы тиіс, оқушыларды үзіліс кезінде ұстауға тыйым салынады.
- асханада әлеуметтік педагог, медбик асхана асхана ретін, асхана қызметкерлерінің берген тамақтарының мөлшері мен сапасын бақылайды.
- мұғалім жұмысқа себепсіз келмеген жағдайда еңбек тәртібін бұзған болып есептелінеді.

III. Мына жағдайларды мектеп қызметкерлеріне тыйым салынады:

- 1.өздігіне сабақ кестесін өзгертуге, сабақ уақытын қыскартуға, ұзартуға, бос өткізуге, босатып жіберуге, оқушыны сабақтан шығаруға
- 2.мұғалімдерге мектеп қабырғасында темекі шегуге, спирттік ішімдік ішуге қатаң тыйым салынады.

IV. Ішкі тәртіп ережесі барлық педагог қызметкерлерге бірдей және оны орындауға міндетті. Орындалуын бақылау мектеп әкімшілігіне жүктелсін.

Мектеп директоры:



Ж.Ажитаев